

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға салық сараптамасын жүргізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 маусымдағы N 999. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.26. N 1705 қаулысымен. ~P011705

"Бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына Z952235 _ сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдалануды және жер қойнауын пайдаланушылар мен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген құзыретті органдардың арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау процесін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалануға арналған

келісім-шарттарға салық сараптамасын жүргізудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575 қаулысымен.

P001575_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 20 маусымдағы
N 999 қаулысымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға
салық сараптамасын жүргізудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға (бұдан әрі - шарт) салық сараптамасын жүргізудің, сондай-ақ оларға енгізілетін толықтырулар мен өзгертулердің тәртібін белгілейді.

2. Салық сараптамасы - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген құзыретті орган жасасатын келісім-шарттың жобасын талдау мен бағалауды, оған толықтырулар мен өзгерістерді қамтитын салық режимін айқындау, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтарын белгілеу мақсатында жүргізілетін міндетті сараптама.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575
қаулысымен. Р 0 0 1 5 7 5 _

3. Келісім-шарттарға салық сараптамасын:

1) кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларынан басқа пайдалы қазбалардың барлық түрі бойынша келісім-шарттарға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Фискальдық саясат және болжамдар департаменті;

2) кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары келісім-шарттарға кен орны бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық қызметінің органдары жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575
қаулысымен. Р 0 0 1 5 7 5 _

4. Уәкілетті органдардың өкілдері салықтық сараптама жүргізу мақсатында келісім-шарттарды дайындау кезінде де, сол сияқты онымен келісім-шарт жасасу үшін жер қойнауын пайдаланушыны анықтау кезінде де тендерлік комиссияның жұмысына қатысады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575
қаулысымен. Р 0 0 1 5 7 5 _

5. Жер қойнауын пайдаланушылармен келісілген салықтық сараптаманың нәтижелері салықтық сараптамадан өту туралы уәкілетті органдардың қорытындыларына енгізіледі және келісім-шарттардың түпкі мәтіндеріне міндетті түрде енгізуге жатады.

II. Салық сараптамасын жүргізу кезінде қаралатын мәселелер

6. Салықтық сараптаманың барысында уәкілетті органдар мынадай
мәселелерді қарайды:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді (салықтық режимді) белгілеу, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің келісім-шартта толық көрсетілуін, оларды есептеудің және төлеудің тәртібін, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтарын есептеудің және төлеудің тәртібін және "Өнімді бөлу туралы" келісім-шарттардың салықтық режим түрін белгілеу;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және құзыретті органмен бірлесіп, жер қойнауын пайдаланушылар заттай нысанда бюджетке төлеуге жататын роялти сомаларын төлеудің және есептеудің тәртібін белгілеу;

құзыретті органмен бірлесіп бюджетке төленетін тарихи шығындардың мөлшері мен тәртібін әзірлеуге қатысу;

құзыретті мемлекеттік органмен және Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп, кен орнын әзірлеудің зардаптарын жою қорын қалыптастырудың мөлшері мен тәртібін анықтауға қатысу;

2) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге тікелей немесе жанама қатысты келісім-шарттар жобалары ережелерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестілігі.

III. Салық сараптамасын жүргізудің тәртібі

7. Келісім-шарттың салық сараптамасы тізбесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін құжаттардың негізінде жасалған сәтке дейін жүргізіледі.

8. Салық сараптамасы келісім-шарттың жобасы бойынша құжаттардың толық

көлемі алынуы кезінде жүргізіледі.

9. Жер қойнауын пайдаланушымен осы Ереженің бөлімінде көрсетілген мәселелерді келіскен және салық режимінде айтылған ережелерді келісім-шартқа енгізген соң, уәкілетті орган 10 күн ішінде салық сараптамасының жүргізілгені туралы қорытынды береді.

10. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бюджетке төленуінің толықтығы және уақтылылығына кейін бақылауды жүзеге асыру үшін, жер қойнауын пайдаланушы келісім-шартқа қол қойылғаннан және ол жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген құзыретті органда мемлекеттік тіркеуден кейін 10 күндік мерзімде уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетіне және салық мақсатында жер қойнауын пайдаланушының тіркелген жері бойынша салық қызметінің органына келісім-шарттың көшірмесін табыс етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575 қаулысымен. Р 0 0 1 5 7 5 _